



ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ

АУЛАЛАР РЕТКЕ КЕЛТІРІЛІП, БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢШАЛАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ



Аудан орталығы Аса ауылдық округі жылдан жылға түрленіп, өсіп-өркендеп келеді. Бұл ең алдымен жергілікті атқарушы биліктің тұрғындардың үнін естіп, әлеуметтік мәселелерді кезең-кезеңімен шешуімен байланысты. Бұрындары ауыл тұрғындарын ауызсу, жол, газ, электр жарығы секілді өзекті мәселелер алаңдатса, бүгінде бұл мәселелер де шешімін тапқан.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Дегенмен округке қарасты Аса, Рахат және Құмтиын ауылдарының тұрғындары өскелең ұрпақ пен аға буынның қолайлы ортада өмір сүруіне мүдделі. Олар аудан және ауылдық округ әкімдерінің есеп беру кездесулерінде жасөспірімдердің

бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында балалар ойын алаңын орнатуды, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін спорт нысандарын соғуды, қариялардың бір мезгіл серуендеп, демалуы үшін демалыс орнын салуды бірнеше рет мәселе етіп көтерді. Тұрғындардың тілегі орындалды да.

→ 4

СҰХБАТ

ЖУРНАЛИСТИКА – таңғажайып әлем және тынымсыз еңбек

Байтанағали Төлентаев – облысымызға кеңінен танымал, қаламы жүйрік, ойы өрісті журналист. Ол ұзақ уақыт Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде табысты еңбек етіп, журналистиканың түрлі жанрында қалам тербеп, адамдардың жасампаз еңбегі мен жақсы тұрмысы туралы өндіре жазды. Бірнеше кітаптың авторы, оның қаламынан туған өлеңдері мен прозалық туындылары да оқырмандарынан жоғары бағаға ие. «Адамның бір қызығы – бала деген» демекші, Байтанағалидің өмірдегі бір қызығы – шахмат. Ол осынау ойлылар ойынын ойнап қана қоймай, шахмат туралы көптеген өлеңдер жазған. Жалпы Байтанағали – кең ауқымды, ізденімпаз қаламгер. Әңгіменің қалғанын ардагер журналист, әріптесіміздің өз аузынан тыңдап көруді жөн санадық.

– Байтанағали Төлентайұлы, Сіз ардагер журналистсіз, өміріңіздің саналы кезеңін баспасөзде қызмет атқаруға арнадыңыз. Өзіңізбен кең-мол отырып әңгімелессек деген ниетіміз болды.

– Мен, өзім, әрбір дүйсенбіні – әр аптаның басын жақсы көңіл күймен бастауды ұнатамын. Оның үстіне, жақында кәсіби мерекеміз өтті. Журналистер мерекесіне

келсек, оған деген ықыласым, тіпті, бөлек. Оны асыға күтетіндердің бірімін. Бір жақын танысыммен кездесетіндей сезімде боламын.

– Туып-өскен жеріңіз туралы айта отырсаңыз?

– Ауылым – Жуалыдағы әулиелі Шақпақата туралы әбден айтуға болады. Бұрын Кременевка селосы деп аталатын.



Алатау мен Қаратаудың түйісетін тұсындағы құс ұясындай көркем жерге орналасқан. Тау шыңдары жақын жерден қарап тұрғандай болады. Ауылымыздың көшелері тіп-тік, асфальтталған. Ауылдың ортасымен екі республика астаналарын жалғап жататын Алматы-Ташкент трассасы өтетін. Қазір Батыс Еуропа – Батыс Қытай автожолы ауылдың шетінен айналып өтеді. Қоршаған таулы беткейлер өте сұлу болып көрінеді. «Ақсу-Жабағылы» қорығы осы ауылдың тау жақ беткейіне дейін созылады.

→ 3

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ЖОЛ АШЫЛДЫ



Рүстем БЕГАЛИЕВ,
аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Жаңа Конституция мемлекет пен қоғамның құрылысын айқындайтын құқықтық құжат қана емес, ұлттың тарихи-мәдени жады, саяси еркі, кемел келешекке деген ынта-жігері. Ата Заңда елдің бүгінгі болмысы ғана емес, болашақта қандай мемлекет ретінде орнығатыны да көрініс табады. Адам құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін, құқық үстемдігін және мемлекеттің азаматтар алдындағы жауапкершілігін нығайта отырып, еліміздің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашады.

→ 2

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Шешендік өнер – асыл қазына

Қазақ халқы сөз өнерін қашанда қастерлеп, шешендікті ұлттың рухани биігі, даналықтың өлшемі ретінде бағалаған. «Өнер алды – қызыл тіл» деген аталы сөздің өзі халқымыздың сөзге деген құрметін айқын аңғартады. Ел ішіндегі дау-дамайды әділ сөзбен шешкен билердің өнегесі, ұрпаққа өсиет болып қалған нақылдары – ұлттық құндылықтарымыздың алтын қазығы.

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ата-бабаларымыз шешендік өнерді тек әдемі сөйлеу емес, ақиқатқа бастайтын, әділдікті ту еткен, адамды ізгілікке тәрбиелейтін асыл қасиет деп таныған. «Қара қылды қақ жарған дара бол», «Топты аузына қаратқан дана бол», «Тыңдағанды жылат, жылағанды жұбат», «Керек жерде еттен өткізіп, сүйекке жеткізіп айт» деген тағылымды сөздер халқымыздың шешендік өнерге қойған биік талабын көрсетеді.

→ 4

СҰХБАТ

23 тамызда өтетін Құрылтай сайлауы – еліміздің саяси жүйесіндегі маңызды кезеңдердің бірі. Құрылтайдың құрылуы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртып, халықтың шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Бүгінде саяси науқанға дайындық жұмыстары басталып кетті. Осы ретте Құрылтай сайлауының ерекшеліктері, сайлау науқанының негізгі кезеңдері, сайлаушыларды ақпараттандыру жұмыстары және сайлау процесіне қатысты өзге де өзекті мәселелер жөнінде аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Еламан Алпысбаевтан сұрап білген едік.

ҚҰРЫЛТАЙ: жауапты науқан, жүйелі көзқарас



– Еламан Ғалымжанұлы, Құрылтай сайлауы науқанының негізгі ерекшеліктерін атап өтсеңіз?

– Құрылтай сайлауы науқанының басты ерекшелігі – бұл Қазақстан Республикасының тарихындағы Құрылтай депутаттарын сайлау бойынша алғашқы жалпыхалықтық сайлау болып табылады. 2026 жылғы 23 тамызда азаматтар Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлайды. Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады. Құрылтайдың құрамы біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша партиялық тізімдер арқылы сайланатын 145 депутаттан тұрады. Бұл ретте сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Науқанныңтағыбірмаңызды ерекшелігі – кандидаттарды саяси партиялардың партиялық тізімдер арқылы ұсынуы. Сонымен қатар партиялық тізімдерде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі кемінде 30 пайыз болуы тиіс. Бұл түрлі әлеуметтік топтардың өкілдігін қамтамасыз етуге, қоғамдық-саяси процестерге кеңінен қатысуына жағдай жасауға, шешім қабылдау үдерісінде халықтың әртүрлі санаттарының мүдделерін және қоғамның барлық топтарының пікірін ескеруге бағытталған.

Құрылтай сайлауының негізгі мақсаты – азаматтардың еркін білдіруі арқылы еліміздің жоғары өкілді органын қалыптастыру және халықтың мемлекеттік басқару ісіне қатысуын қамтамасыз ету.

– Бүгінде Құрылтай сайлауына дайындық жұмыстары қалай жүргізілуде?

– Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасына сәйкес Орталық сайлау комиссиясының бекіткен күнтізбелік жоспарына сәйкес кезең-кезеңімен жүргізілуде. Сайлау науқанын сапалы ұйымдастыру және өткізу мақсатында аумақтық сайлау комиссиялары тарапынан бірқатар ұйымдастырушылық, ақпараттық және техникалық іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығына ерекше көңіл бөлінуде. Дауыс беру кабиналарының, жәшіктердің, байланыс

құралдарының, ақпараттық стендтердің және өзге де қажетті жабдықтардың дайындығы тексерілуде. Сонымен қатар, мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқығын іске асыруына қолайлы жағдай жасау мәселелері қарастырылуда.

Сайлаушылар тізімдерін нақтылау және өзектендіру жұмыстары жүргізілуде. Азаматтардың сайлаушылар тізіміндегі деректерін тексеруіне мүмкіндік беру үшін қажетті ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылуда.

Сайлаушыларды ақпараттандыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар және әлеуметтік желілер арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Сайлау учаскелерінің орналасқан жерлері, сайлау комиссияның құрамы туралы ақпараттар ресми сайтта және бұқаралық ақпарат көздерінде жарияланды.

Жалпы, Құрылтай сайлауына дайындық жұмыстары бекітілген күнтізбелік жоспарға сәйкес жүзеге асуда.

– Сайлауды өткізу барысында комиссия қандай жұмыстар атқарады?

Сайлауды өткізу барысында сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасына сәйкес бірқатар маңызды міндеттерді атқарады. Ең алдымен комиссия сайлау процесінің заңдылығын, ашықтығын және әділдігін қамтамасыз етеді. Сайлау учаскесін дауыс беруге дайындап, қажетті материалдармен және жабдықтармен қамтамасыз етеді. Сайлау бюллетеньдерін қабылдап алып, олардың сақталуын және сайлаушыларға белгіленген тәртіппен берілуін ұйымдастырады.

Дауыс беру күні комиссия мүшелері сайлаушыларға жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша бюллетеньдер береді, сайлаушылар тізімімен жұмыс жүргізеді және дауыс беру процесінің заң талаптарына сәйкес өтуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ байқаушылардың және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің жұмысына заңнама шеңберінде жағдай жасайды.

Осылайша, сайлау комиссиясының негізгі міндеті азаматтардың сайлау құқығын толық қамтамасыз ете отырып, сайлауды заң талаптарына сәйкес ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

– Сайлаушылар тізімі демекші, сайлаушылардың өзінің тізімде бар-жоғы туралы ақпаратты қайдан және қай кезеңнен ала алады?

– Сайлаушылардың өзекті әрі нақты тізімдерін қалыптастыру сайлау процесінің негізгі ұйымдастырушылық элементтерінің бірі болып табылады. Орталық сайлау комиссиясының бекіткен күнтізбелік жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына 2026 жылғы 2 тамызда ұсынады. Ал

сайлаушылардың танысуы үшін тізімдер 2026 жылғы 7 тамыздан басталады. Осы кезеңнен бастап азаматтар өздерінің тізімге енгізілгенін тұрғылықты жері бойынша сайлау учаскесіне барып біле алады. Сондықтан әрбір сайлаушыға дауыс беру күніне дейін өз деректерін алдын ала тексеріп, өзінің қай сайлау учаскесіне тіркелгенін нақтылап алған жөн. Бұл сайлау күні уақытты үнемдеуге және дауыс беру процесінің ұйымдасқан түрде өтуіне мүмкіндік береді.

– Егер сайлаушы сайлау болатын күні жұмыс сапарымен немесе әртүрлі себептермен елді мекен аумағынан тыс жерде болатыны белгілі болса қалай дауыс беруге болады?

– Егер сайлаушы дауыс беру күні өзінің тіркелген тұрғылықты жерінен тыс жерде болатынын алдын ала білсе, ол дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін алу арқылы дауыс бере алады.

Есептен шығару куәлігі дегеніміз – сайлаушыға өзінің тіркелген сайлау учаскесінен тыс жерде дауыс беру құқығын беретін ресми құжат. Ол сайлаушының өтініші бойынша тіркелген жеріндегі учаскелік сайлау комиссиясынан беріледі. Сайлаушы куәлікті алу үшін жеке басын куәландыратын құжатын көрсетіп өтініш береді. Сондай-ақ есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша да алуға болады, бұл ретте сенімхатты нотариалды куәландыру талап етілмейді.

2026 жылғы Құрылтай депутаттарының сайлауына байланысты есептен шығару куәліктері 2026 жылғы 7 тамыздан бастап беріледі және оларды беру дауыс беру күніне бір күн қалғанда, яғни 22 тамыз күні сағат 18.00-де тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін алған сайлаушы дауыс беру күні өзі уақытша болатын жердегі сайлау учаскесіне барып, жеке куәлігі мен есептен шығару куәлігін ұсынады. Учаскелік сайлау комиссиясы оны сайлаушылар тізіміне енгізіп, дауыс беруге арналған бюллетень береді. Осылайша азамат өзінің конституциялық сайлау құқығын жүзеге асыра алады.

Алайда есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беру үшін берілмейді. Сонымен қатар, куәлік жоғалған жағдайда оның телнұсқасы берілмейді және ол қалпына келтірілмейді.

Сондықтан іссапарға шығатын, емделуде болатын, оқуда жүретін немесе басқа да себептермен дауыс беру күні өз тұрғылықты жерінде бола алмайтын азаматтарға есептен шығару куәлігін алдын ала алып қою ұсынылады. Бұл олардың сайлау күні қай жерде болса да дауыс беруіне мүмкіндік береді.

– Әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ.

Соңы. Басы 1-бетте

ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ЖОЛ АШЫЛДЫ

Ұлт заңымен мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді. Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды. Уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Мемлекетіміздің басты өкілді органы қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды.

Қазақстанның жаңа Конституциясы мемлекеттің даму стратегиясына жаңадан пайым жасайды. Елдің басты байлығы – адам капиталы, санасы, білімі, қабілеті, шығармашылығы және ғылыми әлеуеті екендігі шегелене отырып бекітілген. Ата Заңның преамбуласында Қазақстан

халқы «Әділетті Қазақстан» идеясын және «Заң мен Тәртіп» қағидасын ұстанатынын паш ете отырып, мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны басты құндылықтар қатарына қояды. Мұны аса маңызды конституциялық басым бағыт ретінде преамбулада жар салады. Преамбула жай кіріспе ғана емес. Ата Заңның мазмұнын түйіндейтін рухани өзегі.

Конституцияның 1-ші бабындағы «Мемлекеттің ең жоғары құндылығы – адам және оның өмірі» деген қағидат жоғарыда аталған тұжырымның антропологиялық негізін қалайды. Мемлекет адамды ең жоғары құндылық ретінде жар салса, ендеше оның білімі, ойлау еркіндігі, шығармашылық қабілеті, кәсіби дамуы және ғылыми әлеуеті де елдің негізгі қамқорлық нысаны болуы міндетті. Жаңа конституциялық парадигма бойынша адам жай құқық иесі ғана емес, ол ел дамуының басты субъектісі ретінде танылып отыр.

Баршамыздың мұратымыз – бір, бұл – жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашатын өркениетті әрі озық мемлекет құру. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәріне қол жеткіземіз. Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы.

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН КЕМШІЛІКТЕР ЖОЙЫЛҒАН

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментімен бекітілген мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес облыс әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына, облыс әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасына және облыс әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасына, сондай-ақ, 14 аталған басқармаларға бағынысты мекемелерде қаржылық есептілік аудиті жүргізілді.

Жүргізілген қаржылық есептілік аудиті нәтижелері бойынша жалпы сомасы 6715,0 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды. Атап айтсақ, 5747,9 млн теңгесі қаржылық бұзушылықтар, оның 5,3 млн теңгесі бюджетке өтелуге жатады (5,3 млн теңге бюджетке өтелді, бұл 100 пайызды құрайды), қалпына келтіруге жататыны 5742,6 млн теңге (бухгалтерлік есеп көрінісмен қалпына келтірілгені – 5741,6 млн теңге, мекеме шотына құю арқылы қалпына келтірілгені – 1,0 млн теңге, яғни 100 пайызды құрайды), 967,1 млн теңге рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижесінде 8 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылып, 7 лауазымды тұлғаға қатысты Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 238-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалары толтырылып, жалпы сомасы 2378,8 мың теңге әкімшілік айыппұл салынып, бюджетке толық өндірілді.

Департаментпен қаржылық есептілік аудитін жүргізу барысында бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп жүргізуінде бухгалтерлік операцияларды уақтылы есепке алмау, активтер мен міндеттемелерді, табыстар мен шығындары есепте дұрыс танымау секілді кемшіліктер орын алған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы №223 «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының

22 тармағына сәйкес өздерінің есептік ақпараттық жүйесінен күн сайын интеграциялық сервистер арқылы бухгалтерлік операциялар бойынша БО БДҚ-ға деректерді беруді жүзеге асыру талаптары сақталмайды.

Сондай-ақ, Қағидалардың 3-тармағы 35) тармақшасының талаптары сақталмай, яғни, бухгалтерлік есеп әдісі болып танылған есептеу әдісі қатаң сақталмайды, операциялар мен оқиғалар орын алған есепті кезеңдегі (ақшалай қаражаты мен олардың баламаларының нақты түсімі мен төлеміне байланысты емес) оларды жасау фактісі бойынша уақтылы танылмайды.

Мекемелермен бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік арасында интеграция қатаң сақталмайды. Аталған бұзушылықтар қаржылық есептіліктің анықтығына, қаржылық жай-күйіне кері әсер етеді. Яғни, мекемелер басшылығы тарапынан, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы заңнамалар талаптарын қатаң басшылыққа алу қажеттігін көрсетеді.

Бүгінгі таңға қаржылық есептілік аудиті қорытындысы бойынша берілген департаменттің ұсынымдары мен анықталған бұзушылықтарды жоюға және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қару туралы нұсқамалары толық орындалып, анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер жойылған.

Марат ЕГЕМБЕРДИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы.

Аудандық мәслихат депутаттарының назарына!

Сегізінші шақырылған Жамбыл аудандық мәслихатының кезекті елу тоғызыншы сессиясы 2026 жылдың 29 шілдесінде аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында сағат 11.00-де төмендегідей күн тәртібімен өтеді.

1. Жамбыл ауданы әкімінің атқарған жұмыстары туралы аудандық мәслихат депутаттары алдындағы есебі.

2. Әртүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың біріккен тұрақты комиссияларының отырысы аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында 2026 жылдың 29 шілдесінде сағат 10.00-де өтеді.

Аудандық мәслихат аппараты.

Соңы. Басы 1-бетте

ЖУРНАЛИСТИКА – таңғажайып әлем және тынымсыз еңбек

Қыс кезінде Шақпақтың ақ жорғасы ақырын басталып, оның соңы кейде бірнеше күндік ақ боранға ұласатын. Қар күреу дене шынықтырудың бір түрі секілді көрінеді маған. Қыста мұз қатқан өзен үстінде конькимен жарысып, тау беткейінен шана, шаңғымен төмен қарай құділап, мөре-сәре болатынбыз.

Ауыл туралы әңгіме таусылмайды. Осында орта мектепті бітіріп, үлкен өмір жолына аттандым. Алғашқы өлеңдер кітабымды «Боран» деп атадым.

– **Журналист мамандығына қалай келдіңіз? Қиын да мекхнаты мол мамандықты өзіңіз таңдадыңыз ба?**

– Иә, өзім таңдадым. Мектепте өте жақсы оқыдым. Математик, философ, тарихшы да болғым келді. Маған мамандық таңдауда мына бір жағдай түрткі болды-ау деп ойлаймын. Мектепте 7-8-класстарда оқып жүрген кезімде мынадай оқиға болды. Физика пәнінен сабақ беретін мұғаліміміз Айып Қаражігітов сыныпқа күлімдей кірді. Мұғалім сыныпқа күлімдеп кірсе, оқушылардың қуанышын едеті ғой.

– «Қазақстан пионері» газетін оқыдың ба? – деді Айып ағай менің атымды атап.

Соңғы санын оқымаған екенмін. Әйтпесе, үйге «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттері, «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Балдырған» секілді журналдар келетін. Облыстық, аудандық газеттерді де алып тұратынбыз.

– «Қазақстан пионері» газетінде Ер Төстік туралы мақалаң жарық көріпті. Мақалаңда достық жайлы айтқан екенсің. Маған ұнады. Жаза бер. Сен түбі журналист боласың, – деп ағай бастырмалаға сөйледі.

Қуанып отырмын. Ер Төстік туралы мақаламда оның Желаяқ, Көлтауысар, тағы басқа достарының көмегі жайлы жазып едім. – Саған бес қоямын, – деп Айып ағай сынып журналына шұқшиды.

Сабақ сұрамай бестік баға қойғанына сәл кобалжып қалғаным да рас. Ұстазымның «Сен журналист боласың» деген сөзі қанат бітіргендей болды. Менің журналист болуыма осы жағдай әсер етті-ау деймін.

Есіме түседі, осындай жағдай менің басымнан университетке түсерде де өткен. Онда алғашқы емтихан жазбаша болып, маған жоғары баға қойылыпты. Екінші емтихан қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша еді. Ауызша емтихан.

Емтиханды екі адам: денелі, келбетті кісі мен бір жас жігіт алды. Ішке кіріп, әркім бір-бір билет алып, дайындалуға кірістік. Біраз уақыт өтті.

– Емтиханымызды бастаймыз, кім дайын? – деді әлгі келбетті кісі. Абитуриенттерден ешкім қозғала қоймады.

– Мен жауап берейін, – дедім қағаздарымды қолыма алып.

Билеттегі бірінші сұрақ Абайдың «Он тоғызыншы қара сөзі» еді. Жауап бердім. Сол кезде емтихан алушы кісі:

– Абайдың басқа қара сөздерін білесің бе? – деп сұрады.

– Сұраңыз, – дедім.

Көздерінен жылылық сәулелері сезіліп тұрған әлгі келбетті, денелі адам сол екпінмен Абайдың тағы да бірнеше қара сөзін сұрады. Үйде Абайдың қалың сары кітабы бар еді. Ақынның өлеңдерімен де, қара сөздерімен де тым ерте танысқан едім. Әрине, жауаптарымда



жаңылысу болған жоқ.

Қызығы, емтихан алушы кісі алдындағы жуан қаламсабын алды да, әлі де көз алдымда, сәл де ойланбастан, менің қағазыма бес деген бағаны қоя салды.

Бестік баға қойған кісі, кейін білдім, ұлы Мұхтар Әуезовтің жалынды, жүректі, терең білімді шәкірті Зейнолла Қабдолов екен. Бірінші курста бізге «Әдебиет теориясынан» лекция оқыды. Ол кісінің бұл пәнінен де жақсы оқыдым.

– **Университетте оқу қиын болды ма?**

– Бұл да орынды сұрақ. Ол кезде республикада бір ғана университет болды ғой. Журналистерді осы жоғары оқу орны ғана дайындайтын. Шынын айтқанда, оқуға түсуден оқудың қиындау болғаны рас. Ал, менің оқуға құштарлығым барлық уақытта да жоғары болды. Қоғамдық жұмыстарға да атсалыстым. Топ старостасы, факультетімізде тәрбие жұмысы комиссиясы төрағасының орынбасары болдым. Бірнеше рет «Озат оқығаны үшін» төсбелгісін алдым. Жоғары стипендиямен оқыдым.

– **Студенттік шақтың да есте қаларлық қуанышты сәттері болған шығар?**

– Әрине, болды. Сабақ үлгерімің жақсы болса, онда әрбір күнің қуанышты болғаны. Есте қаларлықтай бір қуанышым – «Социалистік Қазақстан» газетінде тәжірибеден өтіп жүрген кезімде (жетекшім Ақселеу Сейдімбеков аға еді) сол басылымда Абсент деген жылқы туралы мақалам шыққаны болды.

– Олимпиада чемпионы болған Абсент туралы жазып бере аласың ба? – деді жетекшім.

– Әрине, – дедім мен.

– Онда сені Жамбыл облысына іссапарға жібереміз. Әрі қарай үйіңе барып, екі-үш күн демалып қайтасың, – деп редакция есебінен іссапарға жіберді.

Абсент туралы көлемді мақалам «Социалистік Қазақстан» газетінде солай жарқ ете қалған. Кураторым да, бірге оқитын жолдастарым да риза болып жатыр. Сол мақалам «Социалистік Қазақстан» газетінің апта ішіндегі ең үздігі саналып, газеттің көрсеткіш тақтасында бір апта ілулі тұрды. Оны сол күні-ақ арнайы барып көрдім. Мақалаға ең жоғары гонорар – 50 сом қойылғаны да әлі есімде.

«Еңбек туы» газетінде өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген кезімде де осындай қуанышты сәтім болды. Луговой тоқыма комбинатынан жазған «Еңбек қуанышы» очеркім сол кездегі «Қазақстан коммунисті»

журналының шолу мақаласында мақталды. Алматы облысы Жамбыл аудандық «Екпінді еңбек» газетінде «Анама» деген өлеңіме жақсы пікір жазылды.

– **Әрине, журналисті шығармашылық орта тәрбиелейді. Сіздің де мектебіңіз осал болмаған шығар?**

– Өзім ұзақ жыл қызмет істеген Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінде де мықты, зерделі журналистер болды. Газеттің бас редакторы Базар Қылыбаев жақсы редактор болумен бірге, талғамды журналист еді.

Ақын Совет Әлімқұловпен бірге қызмет еткен жылдарымды бүгінде қанағат сезіммен еске аламын.

Әріптесім болған журналист Маханбетәлі Дүйсебаевтың «Талдыөзектен Қозыбасыға дейін» кітабын сүйсіне оқыдым. Туған жер топырағын білу де, ондағы өмірге құштарлық та – бәрі осы кітапта бар. Осындай қарымды журналистермен бірге еңбек ету бақыты бұйырды маған.

Жалпы, 1978 жылы университетті бітіріп, жолдамамен Талды-қорған облысы Кербұлақ аудандық «Кербұлақ жұлдызы» – «Звезда Кербулака» газетінде біраз жыл еңбек еттім, Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетінде де тәжірибе жинадым. «Шұғыла-Радуга» газетінде отыз жылдан астам уақыт тер төгіппін. Газет жұмысының ауыр да салмақты екенін жақсы білемін.

– **Тәжірибелі қаламгер ретінде, әрине журналистика туралы өз пайым-түсінігіңіз бар болар?**

– Әңгіме журналистика жайлы болған соң, бұл туралы да өз ойымды айта кетуге әзірмін. Меніңше, әр журналистің өз ойы, ерекшелігі болуға тиіс. Шыңғыс Айтматов, Әнуар Әлімжанов секілді ірі жазушылар да журналистік жолдан өткен адамдар. Әрбір журналистің өзінің ішкі қозғаушы күші – тірек нүктесі болуға тиіс. Сонда ғана ол алға батыл қадам баса алады.

Журналистикада ұзақ жылдар тер төгу журналист мінезін ашпай қоймайды. Мен үшін де солай болған шығар. Іске деген құштарлығым жоғары болды. Әрбір жақсы жаңалықты оқырманға тез жеткізуге асықтым. Еңбек озаттары жайлы, Отан қорғаған ағалар жайлы, халқымыздың салт-дәстүрлері жайлы жиі жазғым келді. Солай болды да.

КСРО кезінде «Журналист» деген журнал шығып тұратын. Мен де жаздырып алатынмын. Солардың бірінде финляндиялық журналист Мартти Ларнидің «Ни дня без строчки» деген

мақаласы жарық көрген. Онда автор өзінің күн сайын жазатыны жайлы айтыпты. Маған оның осы мақаласы қатты әсер етті десем болады. Мен де күн сайын жазуды үйрендім.

Өмірімдегі тағы бір қызықты жағдайды айта кетейін. 1972 жылы көктемде Отан алдындағы әскери борышымды өтеп, ауылға оралдым. Екі жыл бойы мені көрмеген туыс-ауылдастар сәлем бере келіп, жай сұрастық. Әскердегі екі жылды аз уақыт деуге келмейді.

Келесі күні анам мені бір бөлмеге шақырып, алдыма бір бума кітап қойды.

– Бұл не? – дедім.

– Серікхан ағаң әкеліп, қалдырып кетті. Келген соң саған беруімді өтінді. Бұл кітаптарды сен оқиды дейді. Ақшасын беріп едім, алмады, – деді ақ жүзі толқып.

Серікхан аға Шымкент технологиялық институтын бітірген. Жамбылда (Таразда) тұратын, жас болса да, үлкен қызметте екенін білетінмін. Қапелімде, ол кісінің мына қамқорлығы мені өте таң қалдырды. Оқушы кезімізде «Білім және Еңбек» журналына жазылыңдар, пайдалы деп жүретін. «Жақсы кино болса, бару керек, 1-1,5 сағатта бір кітап оқып шыққандай боласың», – дейтін. Оқыған кітаптарымыз туралы еріңбей әңгімелесуші еді.

Ағаның мына бір тосын ісі тағы да қайран қалдырды. ГДР-де әскери борышымды өтеп жүрген мені де ойлаған болып тұр ғой. Қуанып қалдым. Мамам да (анамды солай атайтынмын) қуанып тұр.

– Енді бұл кітаптарды оқып шық? – деді анам маған күлімдей қарап.

– Әрине, оқимын, мама. Мұнан басқа да көп-көп кітаптарды оқимын, – дедім.

– **Кейін бұл ағаңызбен кездестіңіз бе?**

– Кездестім. Ауылдан шыққан бір кәсіпкер жігіттің баласының үйлену тойына барып, сонда көрдім. Ол кісі де мені алыстан көріп қалып, атымды атап:

– Бері кел, бері кел, – деп қасына шақырды.

Бардым, сәлем бердім. «Бірге отырайық», – деп қасына шақырды.

Сонан соң маған бұрылып: – Университеттің журналистика факультетін бітіргенінді естідім. Жағдайың қалай? – деп сұрады.

Менен «Жағдайың қалай?» деп шын пейілмен ешкім сұраған емес. Жағдайымды шын ниетпен сұраған кім десе, сол кісіні айтар едім. Шүкір, білімім бар, қызметім бар, денсаулығым бар ғой. Ол кісіге өз жағдайымды айтып өттім.

– Дұрыс, – деді аға ойланyp, – адамды еңбегі ғана көркейтеді. Уақытыңды бос жібермеуге тырыс. Еңбегіңнің өрлей беруіне тілектеспін, – деді риза болып.

– Сізге бір қызық айтайын, – дедім сол жерде батылданып.

– Айт?..

Мен әскерде жүргенде үйге Мұхтар Әуезовтің 12 томдығын әкелгенін, анамның берейін деген ақшасын алмағанын есіме түсірдім.

– Оп-поу, – деді Серікхан аға сәл ойланған кейіппен. – Сол жылы Мұхтар Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағы жарық көріпті. Бес бумасын алдым. Ауылға әкеліп, осы оқиды ғой деген бес үйдің баласына қалдырып кетіп едім. Соның біреуі саған тиген болды ғой?..

– Иә. Ол кітаптар әкемнің үйінде әлі де тұр, – дедім.

– **Бірыңғай журналистика саласында еңбек етіпсіз,**

арманыңызға қол жеткіздіңіз бе?

– Иә, мен тек журналистика саласында ғана қызмет істедім. Тек, газетімізде қысқарту болған кезде, Хаби Биолов деген ағаның (аудандық Кеңесте қызмет істеген) «Сен сияқты білімді жігіт біздің ауданға керек» деп, аудандық Кеңеске қызметке алғаны болмаса. Өкінгенім жоқ. Өз ортама келдім. Орыстың белгілі жазушысы К.Фединнің: «Жазушы суреткерлік жолға түсер алдында біраз уақыт газетте жұмыс істегені жөн», – деп айтқаны бар.

Меніңше, арман – өте кең ұғым. Адам бірде қуанады, кейде ренжиді. Бәрінің де себебі болады. Бұл – өмір заңы.

Менің ойыма тағы бір қызық жайды түсірдіңіз. Мектепті бітіретін жылы, басқа да оқушылар секілді, мен де бір жуан альбомды сыныптастарыма тілек жазуға ұсынған едім. Тәжібай деген сыныптасым: «Адам жақсыны арман етсе, өмірде бәрі де жақсы болмақ», – деп жазыпты. Соны оқып, өте таңқалғаным бар. Сондай ақылды сөздерді мен де жазсам деген ой келді. Солай істедім де. Қазір сондай сөздерім үлкен-үлкен төрт том болды.

– **Жас журналистерге жақсы қаламгер болу үшін не істеу қажет деп ойлайсыз?**

– Бұл сұрақ журналист болсам деген әрбір жасты ойландырып жүретін сұрақ, сірә? Журналистика – таңғажайып әлем және тынымсыз еңбек. Көп ізденіп, көп еңбек ету қажет болады.

Жақсы журналист болу үшін, ұлы Абай айтқандай, адам ең алдымен талапты (44-қарасөз) болуы қажет-ақ. Халқымыз «Талаптыға – нұр жауар» деп бекер айтпаған ғой. Журналистік болғысы келетін жастар еңбексүйгіш, тәртіпті, жан-жақты білімді болуы және, ең бастысы, Отанды сүюі керек. Жақсы журналист болудың мен білетін қағидасы – осы.

Өзім «Шұғыла» газетінде қызметтің барлық сатысынан өттім десем болады: жауапты хатшының орынбасары, бөлім меңгерушісі, бас редактордың міндетін уақытша атқарушы болдым, бас редактордың орынбасары қызметінен 2015 жылы зейнетке шықтым.

Айта кетуге болар, әдеби шығармалар жазумен оқушы кезімнен айналысып келемін. Қазір өлеңдерім 19 томды құрайды. Оның ішінде, 2 томы – шахмат туралы өлеңдер. Сондай-ақ, шахмат прозасын да (деректі шығармалар емес, таза әдеби туынды) жаздым. Шахмат туралы өлеңдер бір бет болып алғаш рет «Шұғыла» газетінде жарық көргенін айтуыма болады. Шахмат туралы жұмбақтар, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер шығарып, сөзжұмбақ құрастырдым.

Жақсы журналист өмірге қызығушылығы мол адамнан шығады. Бірде теледидардан сөйлеген болгариялық журналист: «Журналист не может быть нелюбопытным», – деді. Басқа да салалардағы секілді, жақсы журналист болу да көп ізденісті, биік жауапкершілікті талап етеді.

Эпикур айтыпты: «Су ағады, бәрі өзгереді», – деп. Уақыт бір орында тұрмайды. Журналистер барлық уақытта да халықтың ішінде, уақыттың жалында жүруі маңызды.

– **Әңгімеңізге рақмет.**

Сұхбаттасқан
Жанай МІЛЛИОНОВ,
Қазақстанның Құрметті
журналисі.

Соңы. Басы 1-бетте

Шешендік өнер — асыл қазына

Шешендік өнер — тұнық бұлақтай мөлдір, теңіздей терең рухани мұрамыздың ажырамас бөлігі. Ол — ұлттық мәдениетіміздің айнасы, елдік пен бірліктің, парасат пен даналықтың көрінісі. Сондықтан бұл асыл мұраны жас ұрпақтың бойына сіңіру — бүгінгі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Осы мақсатта аудандық орталықтандырылған кітапханада «Шешендік өнер — асыл қазына» тақырыбында тағылымды «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Ұлттық руханиятты насихаттап, билер мұрасын кеңінен танытуға, жастардың сөз мәдениетін қалыптастыруға бағытталған басқосуды аудандық билер кеңесінің төрағасы Батырбек Саршаев жүргізіп, қазақтың шешендік мектебі ғасырлар бойы елдің бірлігі мен тұтастығына қызмет еткенін, билердің әрбір сөзі халықтың тағдырына әсер еткенін ерекше атап өтті.

Шараның шымылдығын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сырлыбаев ашып, шешендік өнер халқымыздың рухани қазынасы ғана емес, өскелең ұрпақтың ұлттық болмысын қалыптастыратын өмірлік мектеп екенін айтты.



— «Шешендік сөз — ұлттың ақыл-ойының, тәрбиесі мен мәдениетінің айнасы. Осындай тағылымды кездесулер жастардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырады», — деді Бақыт Уәлиұлы.

Жиын барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшесі Сансызбай Махамбетқұлов «Шешендік өнер — қазақ руханиятының асыл мұрасы» тақырыбында баяндап, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің даналық сөздері халықты

ынтымаққа, әділдікке, елдікке үндегенін кеңінен әңгімеледі.

— «Шешендік сөз — өткеннің мұрасы ғана емес, бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін өмірлік өнеге. Ұлттық рухтың өзегі де — осы сөз құдіретінде», — деді Сансызбай Бертайұлы өз сөзінде.

Ардагерлер кеңесінің мүшесі Алтынхан Сапарбеков «Қазақ билерінің шешендік сөздері және олардың тәрбиелік мәні» тақырыбында сөз сөйлеп, билердің нақыл сөздері

адалдыққа, әділдікке, елін сүюге тәрбиелейтін сарқылмас қазына екенін жеткізді. — «Билердің әрбір сөзі — тәрбие мектебі. Сол өнегені бойына сіңірген ұрпақтың болашағы жарқын болады», — деді ардагер ұстаз.

Өрнек ауылдық билер кеңесінің төрағасы Қаржаубай Қосаров «Шешендік сөздердің жас ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында ой қозғап, жастардың сөз мәдениетін қалыптастыруда отбасы, мектеп және қоғамның бірлескен тәр-

биесінің маңызын ерекше атап өтті. Сонымен қатар «дөңгелек үстел» отырысы барысында

Тоғызтарау ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Кендебай Оңғарбаев «Шешендік өнердің қазіргі қоғамдағы маңызы» тақырыбында баяндама жасап, қандай заманда болмасын мәдениетті сөйлеу, дәлелді пікір айту, елдік мүддені қорғау шешендік өнердің басты өлшемі болып қала беретінін айтты.

— «Қазіргі қоғамда шешендік өнер бұрынғыдан да маңызды. Ойын анық жеткізе алатын, сөз мәдениетін меңгерген азамат — қоғамның тірегі», — деп өз ойын қорытындылады.

Кездесу барысында жастар тарапынан сұрақтар қойылып, ұлттық құндылықтар, билер мұрасы, шешендік сөздердің бүгінгі өмірдегі орны жөнінде мазмұнды пікір алмасу өрбіді. Жастар аға буынның өнегелі әңгімелерін қызығушылықпен тыңдап, өз ойларын ортаға салды.

Тағылымды басқосу соңында қатысушылар шешендік өнерді дәріптеу, билердің асыл мұрасын кеңінен насихаттау, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру бағытындағы мұндай кездесулердің тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті.

Соңы. Басы 1-бетте

АУЛАЛАР РЕТКЕ КЕЛТІРІЛІП, БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢШАЛАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

Нақтырақ айтар болсақ, ағымдағы жылы Аса ауылының Б.Қилыбаев көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйдің ауласына заманауи балалар ойын алаңы, Алтынсарин көшесіндегі көппәтерлі тұрғын

үйдің ауласына демалыс орны орнатылды. Рахат ауылының Оспанқұлов көшесінің бойына балалар ойын алаңы салынды. Тозығы жеткен кіші футбол алаңы жөнделіп, жарықтандырылып, жасанды

төсемі төселді. Аталған әлеуметтік нысандар жергілікті жұртшылықтың қалауымен салынды. Бұл туралы ауылдық округ әкімі Талғат Бөлекбаев айтты.

— Биыл Аса ауылының Б.Қилыбаев көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйдің ауласына заманауи балалар ойын алаңы, Алтынсарин көшесіндегі көппәтерлі тұрғын үйдің ауласына демалыс орны, Рахат ауылының Оспанқұлов көшесінің бойына балалар ойын алаңы орнатылып, кіші футбол алаңы жөнделіп, жарықтандырылып, жасанды төсемі төселді. Нысандардың тазалығына ауыл тұрғындары жауапты. Біз өз кезегімізде тұрғындар тарапынан туындаған түйткілді мәселелердің шешілуіне күш салып келеміз, — деді

Талғат Балтабайұлы бізбен әңгімесінде.

Ауылдық округте ел игілігіне бағытталған істер бұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы уақытта да жалғаса береді. Тұрғындар көтерген

мәселелер өзектілігіне қарай кезең-кезеңімен шешімін табады. Бұл — жергілікті атқарушы билік пен бұқараның өзара сындарлы диалогының, жасалған жұмыстың нақты нәтижесі.



Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98
Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:
Жауапты хатшы:
Тілшілер:
Дизайнер-теруші:
Бас редактордың
орынбасары:
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ
Шұғыла АҚШАБАЙ
Ғалия АЛИЕВА

2-20-24
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №KZ87VPY00041240

87059774177
87474240395
877770284244
87075853423

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1946 Тапсырыс №507

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.